

Пар жырту жоспары орындалды

Көктемгі егісті держезінде және ойдағыдай аяқтаған Киров атындағы совхоздың механизаторлары алдағы жылдың егісінің қамын жасауда қажырлылықпен еңбек ете отырып, елеулі табыстарға ие болды. Совхоз облыстық совхоздар тресі бойынша пар жырту жоспарын бірінші болып орындады — 3390 гектар пар жыртты.

Пар жыртуда совхоздың механизаторлары ұйымшылдықтың, асқан белсенділіктің тамаша үлгілерін көрсетті. № 2 бөлімшенің тракторшылары Борис Дорогой, Иван Мац және Вла-

димир Кремен жолдастар смена сайын 15 гектар орнына, 24—25 гектардан пар жыртуға жетісті.

Бұлардан № 3 бөлімшенің тракторшылары Юрий Лисовский және Иван Соболевский жолдастар да қалысқан жоқ. Олар тракторды техникалық күтімге қоюдың уақытын қысқартып, жанар майды көп үнемдеді.

Пар жырту жоспарын Совет астық совхозының механизаторлары да орындау қарсаңында отыр.

ТУУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

май Жәксенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ка мал ысы

Әрбір колхоз бен ұйымның өзіне тән ерекшеліктері мен ерекшеліктері бар. Бірақ барлығы де бір нәрсені білдіреді: мал шаруашылығы — Қазақстан малшыларының өмірі мен еңбегінің негізі. Мал шаруашылығын дамыту — бұл еліміздің өмір сүруінің қамтамасыз етуі үшін қажетті шарт. Мал шаруашылығын дамыту үшін қажетті шарттарды қолдануды, мал шаруашылығын дамыту үшін қажетті шарттарды қолдануды, мал шаруашылығын дамыту үшін қажетті шарттарды қолдануды...

Егіс жоспарын тез орындап шығатын болайық!

Озат трактор отрядтары

Егін өнімін арттыру жолындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасқан Чапаев МТС-нің Куйбышев атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін Юдаков жолдастың басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері егіс жоспарын МТС-те бірінші болып орындап шықты.

Тракторшы Хрущев жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен 14 смена ішінде 154 гектар жер жыртты. Осы сыяқты оның серігі Горбунов жолдас та осындай жоғары көрсеткіштерге жетті. Осымен қабат, бұл екі тракторшы көп жанар, жағар майын үнемдеп, ол маймен жұмыс істеді.

Егісте бригаданың басқа да тракторшылары әрбір смена сайын өнімді еңбек етіп, үздік нәтижелерге ие болды. Мәселен, тракторшылар Гриднев және Юдин жолдастар доңғалақты трактормен смена сайын 22 гектар егістік алаңға тұқым сеуіп, күндік норманы едәуір асыра орындауға жетісті.

Егіс жұмыстарын ойдағыдай аяқтаған трактор отрядтарының бірі — Николаевка МТС-нің «Красное знамя» колхозындағы

А. Белоглазов жолдас басқарған трактор отряды. Бұл отряд егісті 12 жұмыс күні ішінде аяқтады.

Отряд егістің алғашқы күндерінен бастап О. Атантаев жолдас басқарған егіс бригадасының егіншілерімен ынтымақтаса жұмыс істеді. Егіс бригадасы отрядты тіркәушілермен, су және жанар, жағар майын тасушылармен жеткілікті қамтамасыз етті. Осының арқасында отряд егіс даласында күндіз-түні бірдей жұмыс істеп, күндік және бескүндік графика толық орындап отырды.

Нопов — бүкіл егіс бойына өнімді жұмыс істеген тракторшылардың бірі. Оның «ДТ—54» тракторына 3 сеялка тіркелді. Озат тракторшы тракторды да, сеялкаларды да үздіксіз жұмысқа қоса білді. Осының арқасында ол бір тәулік ішінде 90 гектар орнына, 125 гектар егістік алаңға тұқым сеуіп, социалистік жарыста алғаш міндеттемесін толық орындап шықты.

Отряд бойынша егіс жоспары 105 процент орындалды.

И. РАХМЕТОВ.

Өнімді еңбек

Заводтың жаңашылдары

Партиямыз бен үкметіміз еліміздің өнер кәсіп орындарында өнертабыс пен рационализаторлық істі барған сайын өрістетіп түсуге үнемі ерекше көңіл бөліп, әрбір игі жаңалықты қолдап отырады. Жыл сайын көптеген қатардағы жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлерінің Сталиндік сыйлықтың лауреаттары атағын алуы осы қамқорлықтың айқын сипаттамасы болып табылады.

Кәзіргі уақытта кәсіпорындары коллективтерінің алдына қойылып отырған негізгі міндет — технологиялық процестерді жетілдіру. Ал, бұл — әрбір өндірістік операцияда уақытты, материалдарды, электр қуатын үнемдеу, өндіріске жаңалық әдістерді батыл енгізіп, жаңа техниканы жетелеу деген сөз.

Шағын двигательдер зауытының басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары соңғы жылдары жұмысшылардың творчестволық инициативасын үнемі қолдау арқылы заводта рационализаторлық істің крцінен өрістетілуіне жағдай туғызып келеді. Рационализаторлық жұмысты барған сайын дамыта беру үшін завод басшылары бйыл да көп қаржы бөлді. Сол сыяқты, жаңашыл жұмысшылардың өз ұсыныстарын практикалық жолмен байқауы үшін олардың қарамақтарына құрал-жабдықтар және материалдар берілді. Әрбір ұсынысты

тардың 50 проценті — қатардағы жаңалық табушы жұмысшылардың жасаған ұсыныстары. Мұның өзі жұмысшылардың технологиялық процесті жақсарту күресіне творчестволықпен белсене араласатындығын дәлелдейді.

Қую цехының үлгі жасаушысы Хамит Әминов — кәсіпорнының таңдаулы станхановшыларының бірі. Сонымен қатар, ол үнемі жаңалық табу ісімен шұғылланады. Жылдың бас кезінде озат жұмысшы Әминов жолдас двигательдің май өлшегіш бөлшегін өзгерту жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстың тікелей өндірісте қолданылуы, ең алдымен, аталған бөлшектің сапасын жақсартты, өнімнің өзіндік бағасын кемітті, сонымен қатар, еңбек едәуір жеңілдеді. Оның үстіне завод ұсынысты қолдану арқылы өткен 4 айдың ішінде 3758 сом мемлекет қаржысын үнемдеп қалды.

Слесарь Коробейников қартер тығынының бұрандасын механикалық жолмен жасауды ұсынды. Шынында қолмен немесе станокпен атқарса да, аталған операция кәсіпорны жұмысына онша қызылшылық келтіре қоятын іс емес сыяқты. Солай бола тұрса да, завод осы ұсынысты өндіріске енгізіп, кеңінен қолдану арқылы жыл басынан бері 5.480 сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіншілік алды.

дың туысқандық ынтымағы мен өзара көмектері үздіксіз өркендей беруіне үнемі қамқорлық жасап келеді.

ССРО халықтарының достығы соғыстан кейінгі жылдарда совет адамдарының бейбіт жемісті еңбегінде, олардың коммунизмінің салтанат құруы жолындағы жан қыярлық күрестерінде онан сайын айқын көрінуде.

Қазақстан мен Қырғызстан еңбекшілерінің социалистік жарысы сүйікті социалистік Отанымыздың күш-қуатын онан сайын нығайтуды, ауыл шаруашылығындағы ең басты міндет—барлық ауыл-шаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыру, қоғамдық мал санын жедел көбейте отырып, оның өнімділігін едәуір арттыру міндетін ойдағыдай орындауды көздейді.

Екі республиканың ауыл шаруашылығының аса маңызды саласы болып табылатын мал шаруашылығы соғыстан кейінгі жылдардың ішінде өркендеудің жаңа сатысына көтерілді. Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында малдың саны миллиондан көбейді, мал шаруашылығының өнімділігі артты. Қырғыз ССР-де де малдың саны едәуір көбейіп, өнімділігі аутуда. Социалистік шартта әділ көрсетілгеніндей, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысында елеулі кемшіліктер болмаған болса, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі табыстарымыз бұдан анағұрлым көп болған болар еді. Көптеген колхоздар, МТС-тер машина-мал шаруашылық станциялары және совхоздар өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін толық пайдаланбай келеді, ғылым табыстары мен озат мал өсірушілердің тәжірибелері өндірісте жеткіліксіз қолданылуда.

Екі республиканың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің қабылдаған міндеттемелері жұмыстағы жоғарыда айтылған елеулі кемшіліктерді тез жоюға бағытталған.

Қазақстан мен Қырғызстан ауыл шаруашылығының еңбекшілері малдың са-

қазақстан мен қырғызстан мамандары еңбекшілердің жарыстарына белсене қатынаса отырып, мал шаруашылығының мәдениеттілігін мейлінше арттыруға, колхоздар мен совхоздардың жұмыс практикасында мичуриндік ғылымның табыстарын және ауыл шаруашылығы озаттарының жұмыс тәжірибелерін кең қолдануға, фермаларда зоотехникалық және малдәрігерлік жұмыстарды жақсартуға міндетті.

Социалистік жарыс—мемлекеттік жоспарларды ойдағыдай орындаудың және асырып орындаудың күшті құралы. Социалистік жарыста бұқараның жоғары белсенділігі және творчестволық ынта-жігері, коммунистік құрылыста жаңа табысқа жете беруге олардың белді бекем байлап отырғандықтары айқын көрінеді.

Колхоздардың, МТС-тердің, машина-мал шаруашылық станциялары мен совхоздардың басшылары, партия, совет ұйымдары, ауыл шаруашылық орындары жарысқа қатысушылардың алған міндеттемелерін орындап шығуына белсене көмектесуге, еңбекшілердің творчестволық ынта-жігерінің онан сайын өркендей түсуіне барлық жағдайларды жасауға міндетті. Социалистік шарттың алғашқы күндерінен бастап-ақ жарыстың жариялылығын қамтамасыз ету керек, жарыстың барысын, алдыңғы қатарлылардың қол жеткен табыстарын бұқараға кеңінен таныстырып отыру керек. Мал өсірушілерге тұрмыс және мәдениет жөнінен қызмет істеуге қамқорлықты күшейту керек.

Колхоз деревнясында социалистік жарысты кең өрістетейік!

Қырғыз ССР мал өсірушілерімен жарыста алған міндеттемелерімізді аброймен орындап, еліміздің халықтарының достығы мен даңқының қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі—сүйікті Отанымыздың құлшырып, көркейе беруі ісіне жаңа үлес қосайық!

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 18 майдағы басмақаласы).

«ХТЗ» тракторының да жұмыс істеуінен тұруы көп.

МТС басшылары бұл колхоздағы тракторлардың үздіксіз жұмысқа қосылуын қамтамасыз ете алмай келеді. Рас, Суворов МТС-нің жылжымалы мастерскойла-

санын орындамай келеді. Мұнда жартылап та орындалған жоқ. Қысқасы, «Путь Ленина» колхозы егіс жоспарын орындауда кешіргісіз артта қалып қойды. **Ж. БӘКЕНОВ** «КОНЮХОВ аудары.

тиві нү Георгиевичының өз істегенін мерзім іш

Коммунизмнің алып құрылыста


Цимлян су порабы жұмысқа қосылар алдында

ЦИМЛЯН ЖҰМЫСШЫ ПОСЕЛКЕСІ, 21 май (СОТА). Цимлян су қоймасы күннен-күнге ұлғайып келеді. Оның көлемі 1400 шаршы километр жер алып жатыр. Су келіп құйылуда, оның беті плотинадан жоғары көтерілді. Бұл Донның төменгі ағысына оның суын жіберуге мүмкіншілік беріп отыр. Плотинамен қатар су электр станциясының үйінде камер арқылы келген су турбин доңғалықтарына құйылуда. Жуырда байқау жұмысы болғаннан кейін агрегат қайтадан жұмыс істей бастады. Турбина өзін-өзі жылытып, осының нәтижесінде бөлектеу генераторының пушкасы жүре бастады. Бірінші агрегат жұмыс істегелі екі тәулік болды.

БОЛАШАҚ КУЙБЫШЕВ ТЕҢІЗІНІҢ ТҮБІ МЕН ЖАҒАЛАУЛАРЫНДА

УЛЬЯНОВСК, 21 май. (СОТА). Облыстың кейбір аудандарының жерлері жақын арада Куйбышев теңізінің жағалауларына айналып кетеді, бір бөлегі су астына кететін болады. Қазір мұнда 5100 гектар жердің бұталары мен ағаштары кесіліп тазалануда. Облыста бұталар мен тоғайлардан босататын жердің мөлшері 45 мың гектар.

Кейбір селоларды қайта қоныстандыру жұмысының әзірлігі басталды. Жаңа елді пункттер үшін участоктер шығарылып, селолардың жобалары жасалында. Жаңадан салынатын селолар өзеннің жағалаулары мен су қоймасына жақын жерге орналасатын болады.



Түркмен ССР. Гидропроектінің № 38 экспедициясының инженерлік-геологиялық отряды Түркмен Басқармасының зерттеуде.

Скважиналарды механикалық жолмен бұрғылаудың мектебінде тәрбиеленген мастер И. Комаровтың смені болды.

СУРЕТТЕ: алдыңғы қатарда —Смена мастері техник-геолог А. Горобов лабораториялық тексеру үні әдістерін талқылап тұр.

Каховка су электр станциясы үшін

ЗАПОРОЖЬЕ, 21 май. (СОТА). «Гидроэнергетика» Днепр басқармасының коллективі «500—60» және аса қуатты «100—80» топырақ сорғыш сыяқты қуатты екі земснаряд жасап суға түсірді. Олар Каховка электр станциясы құрылысында жұмыс істеу мақсатында қолданылатын болады.

Жаңа құрылыстар


Преснов ауданының «Жизнь» ауылшаруашылық артелінің мал өсірушілері жаңа баздар салу жұмысына кірісті. Кәзір мал базаларына керекті ағаш, балшық, әк қанылтыр, шеге және самап әзірлеу жұмыстарына кірісті. Құрылыс жұмысы басталысымен колхоздың таңдаулы балташылары К. П. Ткач, П. Ряднин, А. Приворный күнделік тапсырманы 150—170 процент орындап жүр. Колхоздың құрылысшылар бригадасы тоқшындықтардың шақыруын қабылдап 1 сентабріге дейін жаңадан салынатын мал базалары мен ескі мал қораларын салу, мәдени ағарту орындарын жөндеу жұмысын аяқтауға міндеттеме алды.

Таңдаулы аңшының табысы

Явленка ет совхозының табын малдарының менгерушісі Нұрғали Қызубаев жыл сайын жазды күні жұмыстан бөсе уақытында қасқырдың апанын іздеп табады. Соңғы үш жылдың ішінде ол 50-ден аса ірі қасқырлар мен қасқыр бөлтіріктерін ұстап құртты. Жуырда шикізат дайындау мекемесіне Қызубаев жолдас қасқырдың екі апанынан 17 бөлтірік ұстап әкеліп тапсырды. Қоғамдық мал үшін зыянды жұртқыштарды жойғаны үшін Қызубаев жолдасқа сыйлық ретінде 1700 сом берілді.

Мәдениет бригадасы

Жуырда Мамлют ауданының мәдениет үйінің мәдениет бригадасы колхоздарға шықты. Сол сыяқты, колхоздарға кино-картиналар көрсетіп, кітап, журналдар тарату үшін, баяндамалар жасап, лекциялар оқу үшін ҚК(б)П аудандық комитетінің насихатшысы Приходько жолдас бастаған авто-үгіт пункті жүріп кетті. Авто-үгіт пункті ауыл-селолық мәдениет үйлеріне колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты күшейту үшін



Кеше қаланың мәдениет және демалыс паркі ашылды. Суретте: Парктің негізгі аллеясы.

Сәнді парктегі сауықты серуен

КІРЕ БЕРІСТЕ

Қандай әсерлі, қандай көрікті десенізші, көктемгі майдың шуақ кезі! ...Желпінген жұмсақ, қоңыр-салқын жел. Бақшада сайраған күс. Көп бәйшешектен көрпе жамылған жер, неі жұпар гүлдер. Бұтақтарын көң жайыл, көгерген ағаш. Сай-салада, арық-атызда сарқырап аққан су. Күміс күн нұрынан ләззат алып, еркін сайраған жұрт. Бұлардың бәрі де бойға қуат, жүрекке нәр беріп тұрғандай.

Кәзір Петропавл қаласының орталығындағы парктен көктемнің осы қасиеттерін айқын көруге болады. Парк ақшақар жамылған қысқы көрінісін мүлдем өзгерткен. Сәнді сұлу, бейне әсем түрге енген. Жапырақ жарып, ұшар басы тоғысып жатқан акация, тополь, клен, қарз

жазғы театрдың жанындағы қалың қайыңның арасындағы бұрыш — «Бейбітшілік жолындағы күрескерлер бұрышы». Мұнан «Баянды бейбітшілік үшін!» деген сөз электрдің нұрымен жайнап, әрбір қарапайым адамның жүрек сырын тебіренетеді.

Сіз осы бөлімнен баянды бейбітшілік жолында қажырлы күрес жүргізіп, бүкіл дүние жүзінің прогресшіл адамдарына өзін таныта білген, досты қуанып, дұшпанды ашыңдырған тамаша қайраткерлерді көресіз. Қытай Ғылым академиясының президенті Го Мо-жонның, бейбітшілік әнін шырқаған Поль Робсонның, жазушылар Павло Неруданың, Жорж Амадудың тағы басқалардың суретін көресіз.

ЦИРКТЕ, ЭСТРАДАДА,
БИ АЛАҢЫНДА

Совет Үкметінің Иран Үкметіне нотасы

21 майда ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский Иран елшісі Арасте мырзаға, осы жылғы апрельдің аяғында Иранның премьер-министрі Мосаддык мырза мен АҚШ-тың Ирандағы елшісі Гендерсон мырзаның Иранға американ «көмегі» дейтінді қайта бастау туралы мәселе бойынша өзара хаттар алысуы жөнінде Совет Үкметінің Иран Үкметіне жолдаған нотасын тапсырды.

Төменде нотаның тексті келтіріледі:

«1952 жылғы апрельдің аяғында Иранның премьер-министрі Мосаддык мырза мен АҚШ-тың Ирандағы елшісі Гендерсон мырзаның Иранға Америка Құрама Штаттарының «көмек» көрсету туралы мәселе бойынша өзара хаттар алысуына байланысты Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігі Иран Үкметіне құрметпен мынаны білдіреді:

Жоғарыда айтылған хаттар алысудан көрініп отырғанындай, Иран мен АҚШ үкметтері арасында Америка Құрама Штаттарының Иранға соғыс және финанс көмегін көрсетуі туралы келісім жасалған, Иран Үкметі өз тарапынан соғыстық және саяси сыйпаты бар белгілі міндеттемелер алған.

Иран баспасөзінің хабарларынан, сол сыяқты, Иран Үкметі мен АҚШ Үкметі өкілдерінің мәлімдемелерінен көрініп отырғанындай, Иран Үкметі бұл келісімге байланысты Ирандағы американ соғыс кеңесшілерімен қайтадан келісімдер жасауға міндеттенген. Бір жағынан, Иранның қатынас жолдары министрі Бушехри өзінің осы жылғы 27 апрельдегі ресми мәлімдемесінде, екінші жағынан АҚШ-тың мемлекеттік секретарының орынбасары Мак Гермотт 25 апрельдегі өзінің ресми мәлімдемесінде мұны растады. Сол сыяқты, осы жылғы январьда өзінің жұмысын тоқтатқан американ әскери миссиясы Мосаддык мырза мен Гендерсон мырза-

ДЫ

өздарда жағ-
п еді. Бірақ,
актор паркі
еген. Жұмыс
атындағы
уі ғана жұ-
турған трак-
тар. Ал, МТС
ең жарымы
май келеді.
акторлардың
ыс жоснарын
лардың көп
шаралардың
ш жүр. Жер
жөнінде егіс
йрық шы-
нделікті жү-
ды.
артия ұйы-
дас колхоз-
ете жақсы
ындыққа жа-
тпейді.
а қарағанда,
МТС басшыла-
ғана соғын
ға агрономы
нан бері үш-
степ жүрген
саяси, үгіт-
зілмейді. Ке-
жеткізілмейді.
з листок де-
ылмайды.
жұмыс жо-
з жолдас жү-
інше істейді,
стермен байла
МТС-те белгілі
саяси жұмыс

сінде олар өздері атқарып жүрген қызметтерін жақсы істеумен бірге, колхозды ауылдың саяси өміріне белсене қатысып

дастың мұндай кемшіліктерге төзуі таңқаларлық іс.

Х. ИМАНОВ.

Бұл жарыста үздік шығу үшін Солтүстік Қазақстанның спортшылары тынақты әзірлік жүргізуде.

БАЯНДЫ БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН!

Ұлы Сталин жолдастың үлкен портреті тұрған аллеядан солға қарай созылатын,

—Бейбітшілік көрінісі!

АҚШ-тың реакцияшыл заңдары

АҚШ билеп-төстеушілері топтарының жүргізіп отырған империалистік агрессияшыл саясаты елдің қоғамдық, саяси және идеологиялық өміріндегі реакцияның күшеюімен қабаттаса жүргізілуде.

Бұл санап өсіп келе жатқан демократия мен бейбітшілік күштерінен үрейлене түскен американо-монополистері мемлекетті басқарудың фашистік-террорлық әдістерін барған сайын кеңінен қолдануда.

Морганның, Дьюонның, Рокфеллердің және тағы басқа американо-миллиардерлерінің, сол сияқты, өндіріс иелерінің ұлттық ассоциациясының қысым жасауы бойынша 1947 жылы Конгреске ереуіл қозғалысына қарсы және халықтың демократиялық праволарының қалдықтарын жоюға бағытталған екі мың реакцияшыл заң жобалары енгізілді.

Бұл жөнінде республикашыл сенатор Кейздің сол кезде ұсынған заң жобасы мысал бола алады. Заң жобасы президентке ереуілді қай уақытта болса да заңсыз деп жариялау, ереуілге қатысқандарға қудалау шараларын қолдану правосын берді. Бірақ, көп прогресшіл ұйымдардың көптеген наразылық білдіруі нәтижесінде АҚШ президенті бұл заң жобасына тыйым салуға мәжбүр болды. 1946 жылы 25 майда АҚШ Конгресіне жолданған Трумэннің керемет заң жобасы да масқаралық атаққа ие болды. Заң жобасы президенттің «Ұлт экноми-

касы үшін маңызы зор» деп есептеген кәсіпорындарындағы ереуілді тоқтатудан бастартқан жағдайда, прогресшіл кәсіподақтардың басшыларын бір жыл тұтқыңға алу жазасына кесуді қарастырды.

АҚШ-тың жұмысшы табы американо-реакцияшының бұл шабуылына күшті ереуіл қозғалысымен жауап берді. Конгресс, сол кезде, 1947 жылы 22 августа күшіне кірген, жұмысшыларға қарсы бағытталған Тафт-Хартли аяандық заңын қабылдады. Жұмысшылар оны «күлдік еңбек туралы заң» деп атады. Заң кәсіподақтардың ереуіл жариялау правосын жоққа шығарды. АҚШ үкметі ереуілді 80 күнге кешеуілдетуге, ал, мұны пайдалана отырып, «ереуілдердің заңсыздығын» дәлелдейтін түрлі комиссиялар тағайындай алады және жұмысты қайта бастауға бағытталған қарарлар шығару туралы сот орындарына бұйрық бере алады. Заң жұмысшылардың өндіріс иелерімен коллективтік шарттар жасау правосын кемітеді.

Жұмысшылар қыймылының бірлігін бұзуға, штрейхбрехерлікті қолдануға арналған Тафт-Хартли заңы реакцияшылдарға демократияшыл кәсіподақтарды қыйрату үшін зор мүмкіншіліктер туғызады. Бұл заң күшіне кіргеннен кейін жалпы саны 30 миллион доллардан аса «мемлекетке шығын келтіргені» жөнінде тек қана мұнай өнеркәсібі жұмыс-

шыларының кәсіподағына қарсы 30-дан аса сот ісі көтерілді.

Еңбекшілердің демократиялық праволары мен бостандықтарының ақырғы қалдықтарын жойып, американо-реакциясы бейбітшілік пен демократия үшін, елді фашистендіруге қарсы күреске шыққан прогресшіл ұйымдарға, олардың дайраткерлеріне, жеке азаматтарға қарсы өршелене шабуыл жасауда.

Прогресшіл ұйымдарға қарсы шабуылға реакцияның қолындағы барлық талқандау заңдары қолданылуда. Мәселен, еңбек мәселелері жөніндегі сенат комиссиясы Тафт-Хартли заңының бірқатар статъяларын өзгерту туралы ұсынысты талқылап жатыр, бұл жұмысшыларды қанауды күшейте түсуге және кәсіподақтарын заңнан тыс деп жариялауға әкеліп соқпақ.

Прогресшіл кәсіподақтардың басшылары қудалануда. Фашистік заң шақыру орнының көмегімен оларға жала жабу соттары жүргізілуде, олар түрмеге отырғызылуда, оларға қарсы «американо-лигионы» мен «Ку-клукс-кланның» жалдамалы кісіөлтiргiн бандалары пайдаланылуда.

АҚШ реакциясы коммунист партиясын құрындаумен бірге еңбекшілердің қалың бұқарасына қарсы шабуылды күшейте түсуде, олардың демократиялық праволарының ақырғы қалдықтарын жоюда.

Нью-Йорк штатының заң шығару жыйналысы 1949 жылы февральда Фэйнбергтің заң жобасын қабылдады. Штаттың жоғарғы соты мақұлдаған бұл заңшын мәнінде адамды жеккөрушілікті және нәсілдік «теорияны» дәріптейтін американо-мектептерінен барлық прогресшіл

қозқарастағы мұғалімдерді қууды талап етеді.

1948 жылы 19 майда АҚШ-тың өкілдер палатасы бекіткен Мундт заң жобасы коммунистік партия мүшелерінің АҚШ заң министрлігінде тіркелуін талап етеді, бұл заңды бұзған адамға он жыл түрме жазасы кесіледі және он мың доллар айып салынады. Мундт заңының көмегімен АҚШ-тың фашистік күштері агрессия мен соғыстың халыққа қарсы саясатымен күрес жүргізуге барған сайын батылырақ шығып отырған миллиондаған прогресшіл американдықтарға бұғау салуға тырысады. Мундт заңы елдегі демократиялық қозғалыстың алдыңғы қатардағы отряды—коммунистік партияны басшылықсыз қалдыруға, сол сияқты, АҚШ-тың басқа да прогресшіл ұйымдарына тыйым салуға бағытталған.

АҚШ-та осы кезде іске асырылып жатқан Смиттің, Мундттың, Маккарэннің және басқаларының реакцияшыл заңдары Уолл-стрит билеп-төстеушілерінің террор мен реакцияның ашықтан-ашық фашистік диктатурасы жолындағы жаңа бір қадамды болып табылды.

Міне, 12 жыл бойына қолданылып келе жатқан Смит заңы бойынша АҚШ сот орындары ешбір себепсіз-ақ американо-коммунистік партиясының қандай мүшесін болса да «зиянкестік» немесе «тыңшылық» әрекет жасады деп айыптап, оны тұтқындай алады.

1950 жылы қабылданған Маккарэн заңы АҚШ билеп-төстеуші топтарының империалистік саясатына американо-халқының қарсы күресуге деген жігерін мойытуға ұмтылған АҚШ-тың фашистік

реакцияшылдарының мейлінше ашып көр

Маккарэн заңы «Зиянкестік әрекеттегі басқарма» елде өршітіп отыр. Бұл ұттығым салу, Кореяда ту немесе Совет Одақатынас жасау үшін әрбір адамды немесе деп есептейді.

Ел ішінде «төтенше заң министрі, заң бөлексерусіз-ақ АҚШ-адамды «зиянкес әле тұтқындайды және жерге жібере алады. азаматтығы жоқ адамға алынууда. Митингі, трацияларға қарсы пдар күшейді. Кореяда венциясын және бес арасында Бейбітшілік талап еткен петиция жүрген азаматтарды :

АҚШ-тың қарапайыты керек қылмайды. тердің қандай жантүрқа апара жатқанын б сезінуде. Елдің демокры, прогресшіл жазушискусество қайраткерледің профессорлары, синалистер және американының басқа да өкілден агрессия саясатын бәрін тұншықтыруға шистік заңдардың жүзбарған сайын белсене

Р.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редакторлар бөлімі — 1-87, редакторлар бөлімі — 1-88, редакторлар бөлімі — 1-89, редакторлар бөлімі — 1-90, редакторлар бөлімі — 1-91, редакторлар бөлімі — 1-92, редакторлар бөлімі — 1-93, редакторлар бөлімі — 1-94, редакторлар бөлімі — 1-95, редакторлар бөлімі — 1-96, редакторлар бөлімі — 1-97, редакторлар бөлімі — 1-98, редакторлар бөлімі — 1-99, редакторлар бөлімі — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс еті